

МЭРЛЕРДІҢ УАҒДАЛАСТЫҒЫ

СОНДАЙ-АҚ, Климат өзгерісі жөніндегі үкіметаралық комиссиясы климат өзгерісін растады және оның басты себебін адамзат тіршілігі үшін қуатты пайдаланумен байланыстырып отыр;

СОНДАЙ-АҚ, 2007 жылдың 9 наурызында ЕО 2020 жылға дейін көмір қышқылы шығарындыларын 20% дейін қысқартуды біржақты міндеттейтін, нәтижесінде қуат тиімділігін 20% арттыру және қуат түрлерінде қалпына келетін қуат көздерін 20% үлес салмағына жеткізуді көздейтін Өзгеріп жатқан әлем үшін қуат заңын қабылдады;

СОНДАЙ-АҚ, қуат тиімділігіне арналған Еуропа Одағының Іс жоспары: Әлеуетті ашу «Мэрлердің уағдаластығын» басымдық ретінде жасақтауды қамтиды;

СОНДАЙ-АҚ, Аймақтар жөніндегі ЕО комиссиясы жергілікті және аймақтық күштерді жұмылдыру қажеттілігін баса айтуда, себебі көп деңгейлі басқару климат өзгерісіне қарсы қолданылатын шаралардың тиімділігін арттырудың ұтымды құралы болып табылады және нәтижесінде Мэрлердің уағдаластығында аймақтарды тартуға шақырады;

СОНДАЙ-АҚ, біз қуат тиімділігін арттыру қажеттілігіне қатысты Тұрақты Еуропа қалалары жөніндегі Лейпциг жарғысының кеңестерін сақтауға ниеттіміз;

СОНДАЙ-АҚ, біз көптеген орындалып жатқан қалалық тұрақтылық шаралары мен Local Agenda 21 үдерістері негізінде Ольборг міндеттемелері жатқанын білеміз;

СОНДАЙ-АҚ, біз жергілікті мен аймақтық мемлекеттік органдардың мемлекеттік үкіметтермен жаһандық жылынумен бірігіп күресу міндетін және оған қоса басқа тараптардың міндеттемелеріне бөлек жауап беру керектігін ескереміз;

СОНДАЙ-АҚ, аудан орталықтары мен қалалардың адамзат тіршілігіне қатысты қуатты пайдаланудан туындаған парниктік газ шығарындыларының жартысынан асатын мөлшеріне тікелей және жанама (халық пайдаланатын өнімдер мен қызметтер арқылы) қатысы бар;

СОНДАЙ-АҚ, ЕО шығарындыларды азайту мақсатына тек жергілікті мүдделі тараптар, халық пен олардың тобымен бірлесе жетуге болады;

СОНДАЙ-АҚ, халыққа ең жақын әкімшілік ететін жергілікті және аймақтық үкіметтері іске жетекшілік ету және үлгі болуы қажет;

СОНДАЙ-АҚ, климат бұзылуын шешу үшін қажетті қуат талабы мен қалпына келетін қуат көздеріне қолданылатын шаралардың көбісі жергілікті мемлекеттік органдар құзыретіне жатады немесе олардың саяси қолдауынсыз жүзеге аспайды;

СОНДАЙ-АҚ, ЕО мүше елдер парниктік газ шығарындысын төмендету міндеттемесін орындау үшін жергілікті деңгейдегі әсерлі бірлескен шара пайдасын көре алады;

СОНДАЙ-АҚ, Еуропаның жергілікті және аймақтық үкіметтері тұрақты қала қозғалысы және қалпына келетін қуат көздерін ілгерілетуді қоса қуат тиімділігі бағдарламалары арқылы жаһандық жылындың ластағыштарын азайтуда;

БІЗ, МЭРЛЕР, МЫНА ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРДІ АЛАМЫЗ

Бізге тапсырылған аумақтар үшін Тұрақты қуат жөніндегі Іс жоспарын игеру арқылы тиісті аумақтарда кем дегенде 20% дейін көмір қышқылы шығарындыларын қысқартып, 2020 жылға ЕО көздеген **мақсаттарды асыруды орындау**. Міндеттеме және Іс жоспары тиісті рәсімдеріміз арқылы бекітіледі;

Тұрақты қуат жөніндегі іс жоспары үшін негіз ретінде **негізгі шығарындыларды түгендеуді дайындау**;

Әрқайсымыз Мэрлердің уағдаластығына ресми түрде қол қойғаннан кейін бір жыл ішінде **Тұрақты қуат жөніндегі Іс жоспарын тапсыру**;

Қажетті шараларды қолға алу үшін жеткілікті кадрларды бөлуді қоса **қала құрылымдарын икемдеу**;

Жоспар мақсаттарын игеру және оларға қол жеткізу үшін қажетті саясаттарды және шараларды сипаттайтын **Іс жоспарын жасақтауға қатысу үшін географиялық аймақтардағы жұртшылықты тарту**. Іс жоспары әрбір аумаққа жасалады және қол қойғаннан кейін бір жыл ішінде Уағдаластық хатшылығына тапсырылу керек;

Бағалау, бақылау және нақтылау мақсаттарында Іс жоспарын тапсырғаннан кейін кем дегенде араға бір жыл салып **игеру есебін** тапсыру;

Басқа әкімшілік бірліктермен **тәжірибе** және ноу-хау алмасу;

Халыққа қуатты ақылды пайдалану ұсынатын мүмкіндіктер мен артықшылықтар тікелей пайдасын беру және жергілікті ақпарат құралдарына іс жоспарына қатысты жаңалықтарды мерзімді түрде жеткізіп отыру мақсатында Еуропа комиссиясымен және басқа мүдделі тұлғалармен **Қуат күндерін немесе Қала уағдаластығы күндерін ұйымдастыру**;

Еуропаның тұрақты қуаты мәселесіне арналған **ЕО Мэрлерінің жылдық конференциясына қатысу және атсалысу**;

Уағдаластық хабарын тиісті органдарға жеткізу және әсіресе басқа мэрлерді Уағдаластыққа қосылуға шақыру;

Мына жағдайларда Хатшылықтың алдын ала жазбаша ескертуімен **Уағдаластыққа мүшеліктің тоқтатылуын қабылдау**;

- i) Уағдаластыққа ресми түрде қол қойғаннан кейін бір жыл ішінде Тұрақты қуат жөніндегі Іс жоспарын тапсырмау;
- ii) Іс жоспарын орындамау немесе жеткілікті деңгейде орындамауға байланысты Іс жоспарында белгіленген жалпы көмір қышқылы шығарындыларын қысқарту мақсатына сәйкес келмеу;
- iii) есепті қатарынан екі кезеңде тапсырмау.

БІЗ, МЭРЛЕР, МЫНАНЫ МАҚҰЛДАЙМЫЗ

Еуропа Комиссиясының техникалық және ілгерілету қолдауы **құрылымын енгізу және қаржыландыру шешімі**, соның ішінде бағалау мен бақылау құралдарын, аймақтар арасында ноу-хау алмасуды жеңілдету тетіктерін және бөлінген бюджет шегінде сәтті шараларды еліктеу мен ұлғайтуды жеңілдету құралдарын енгізу;

Еуропа Комиссиясының ЕО Мэрлерінің Еуропаның тұрақты қуаты мәселесіне арналған конференциясын үйлестіру міндеті;

Еуропа Комиссиясының қатысушы әкімшілік бірліктер арасында **тәжірибе алмасу**, ықтимал енгізу үшін нұсқаулар мен сілтеме үлгілерді беру және климат қорғау саласында жергілікті үкіметтердің рөліне қолдау көрсететін бар іс-шаралар мен желілермен байланыстыру ісін **жеңілдетуге бағытталған ниеті**. Бұл сілтеме үлгілер қосымшаларында көзделіп, осы Уағдаластықтың ажырамас бөлігіне айналуы қажет;

Арнаулы Еуропаның тұрақты қуаты таңбасын пайдалану және Комиссияның байланыс құралдарымен ілгерілету арқылы Уағдаластыққа қатысатын қалалар мен аудан орталықтарының **танылуы және қоғамдық беделі үшін Еуропа Комиссиясының қолдауы**;

ЕО жергілікті және аймақтық органдарының өкілдігімен Уағдаластық және мақсаттары үшін **Аймақтар Комиссиясының** күшті қолдауы;

Осы Уағдаластықта көрсетілген шарттарға жауап беру үшін мүше елдер, аудандар, провинциялар, тәлімгер қалалар мен Уағдаластықты қолдайтын басқа **институттық құрылымдар** кішігірім қалаларға беретін көмегі;

БІЗ, МЭРЛЕР, ШАҚЫРАМЫЗ

Тұрақты қуат жөніндегі Іс жоспарларын игеру үшін қол қоятын тараптарға көмектесетін ынтымақтасу сұлбаларын және бірлескен қолдау құрылымдарын орнату үшін **Еуропа Комиссиясы және мемлекеттік әкімшіліктер**;

Уағдаластықтағы іс-шараларды тиісті қолдау бағдарламаларында басымдықтар ретінде ескеру және мақсаттар шегінде жергілікті деңгейге қатысты саясаттар мен қаржыландыру сұлбаларын дайындауда қалаларға хабарлау және оларды тарту үшін **Еуропа Комиссиясы және мемлекеттік әкімшіліктер**;

Іс жоспарлары ішіндегі тапсырмаларды орындауға көмектесуге бағытталған қаржыландыру құралдарын орнату үшін **қаржыландыру ұйымдарымен келіссөз жүргізу үшін Еуропа Комиссиясы**;

Мемлекеттік қуат тиімділігі жөніндегі іс жоспарларын және қалпына келетін қуат көздері жөніндегі мемлекеттік іс жоспарларын дайындау және игеру ісінде жергілікті және аймақтық үкіметтерді тарту үшін **мемлекеттік әкімшіліктер**;

Алдын ала келісілген қағидалар, ережелер мен әдістерге және кейін жаһандық деңгейде Тараптар келісуі мүмкін, әсіресе БҰҰ климат өзгерісі жөніндегі негізгі конвенциясына (UNFCCC) сәйкес Тұрақты қуат жөніндегі Іс жоспарларын игеруді қолдау үшін **Еуропа Комиссиясы және мемлекеттік әкімшіліктер**. Көмір қышқылы шығарындыларын қысқарту ісіне белсене араласуымыз шамданғыш жаһандық мақсатқа әкелуі мүмкін.

БІЗ, МЭРЛЕР, БАСҚА ЖЕРГІЛІКТІ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ҮКІМЕТТЕРДІ МЭРЛЕРДІҢ УАҒДАЛАСТЫҒЫ БАСТАМАСЫНА ҚОСЫЛУҒА ЖӘНЕ БАСҚА ІРІ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫ УАҒДАЛАСТЫҚҚА ҮЛЕСІН РӘСІМДЕУГЕ ШАҚЫРАМЫЗ.

Ескертпе: Қосымша екінші бетінде

ҚОСЫМША

1. Жергілікті үкіметтердің жұмысты орындаудағы міндеттері

Қуат тиімділігі шараларын, қалпына келетін қуат жобаларын және басқа қуатқа қатысты іс-шараларды жергілікті және аймақтық үкіметтердің түрлі қызмет салаларына енгізуге болады.

- тұтынушы және қызмет жеткізуші

Жергілікті үкіметтер көп ғимараттарды алып жатыр, ал бұл жылыту мен жарық сияқты едәуір қуат мөлшерін талап етеді. Мемлекеттік ғимараттарға қуат үнемдеу бағдарламалары мен іс-шараларын енгізу едәуір үнемдеуге қол жеткізуге болатын тұс болып табылады.

Жергілікті және аймақтық үкіметтер әрі қоғамдық көлік және көше жарығы сияқты жетілдіруге болатын көп қуатты талап ететін қызметтерді көрсетеді. Тіпті мемлекеттік орган осы қызметтерді басқа жеткізушілерге келісім-шарт арқылы табыс еткенімен, қуат пайдалануды азайту шараларын жабдықтау және қызмет келісім-шарттары арқылы орындауға болады.

- жоспарлағыш, жасақтағыш және реттегіш

Жер пайдалануды жоспарлау және көлік жүйесін ұйымдастыру көбінесе жергілікті және аймақтық үкіметтердің жауапкершілігі болып табылады. Қаланың ретсіз өсуін болдырмау сияқты қала құрылысына қатысты стратегиялық шешімдер көліктің қуат пайдалануын қысқарта алады.

Жергілікті және аймақтық үкіметтер әдетте реттегіш міндетке ие болады, мысалы, қуат өнімділігі стандарттарын орнату немесе жаңа ғимараттарға қалпына келетін қуат жабдығын енгізуді қарастыру.

- кеңесші, ынталандырушы және міндет үлгісі

Жергілікті және аймақтық үкіметтер қуатты тиімдірек пайдалану әдісін тұрғындарға, кәсіпорындарға және басқа жергілікті мүдделі тараптарға хабарлауға және ынталандыруға көмектеседі. Бүкіл жұртшылықты тұрақты қуат саясаттарын қолдауға тарту үшін хабардар ету іс-шаралары маңызды. Балалар қуат үнемдеу және қалпына келетін қуат жобалары үшін маңызды аудитория болып табылады: олар үйренген нәрселерін мектептен тыс жеткізеді. Мемлекеттік органның үлгі ретінде тұрақты қуат іс-шараларында жетекші міндетін атқаруы де маңызды.

- өндіруші және жеткізуші

Жергілікті және аймақтық үкіметтер жергілікті қуат өндірісін және қалпына келетін қуат көздерін пайдалануды ілгерілеті алады. Биомасса арқылы жылу мен электр қуаты біріктірілген (CHP) жергілікті жылыту жүйелерін мысал ретінде келтіруге болады. Жергілікті және аймақтық үкіметтер әрі жергілікті бастамаларға қаржылық қолдау көрсетіп, халықты қалпына келетін қуат жобаларын игеруге шақыра алады.

2. Оңтайландыру межелері (BoE)

«Оңтайландыру межелері» — қалалық шарттарда тұрақты қуатты игеру ұғымдарын сәтті енгізудің дүниежүзілік үлгісін білдіретін бастамалар және бағдарламалар. Уағдаластық арқылы Оңтайландыру межелерінің өкілдері тәжірибе алмасу, қалаларға қолданылатын және ыңғайлы ұқсас ұстанымдарды игеруге көмектесу, нұсқауларды қоса ақпаратты тарату, Уағдаластыққа қол қойған тараптардың шараларына қатысу және Уағдаластыққа сәйкес жалпы күнделікті ынтымақтастық арқылы ноу-хау беруді жеңілдету ниетін білдіреді.

3. Қолдау құрылымдары

Мэрлердің Уағдаластығы Еуропаның барлық көлемдегі қалаларына ашық. Көлеміне байланысты түгендеуді дайындауға немесе іс жоспарын жасақтау мүмкіндігі жоқ қалалар мен аудан орталықтарына осындай құзыреті бар әкімшіліктер қолдау көрсетуі қажет. Бұл қолдау құрылымдары аймақтар, провинциялар, агломерациялар, NUTS III аумақтары немесе тәлімгер қалалар болуы мүмкін. Әрбір қолдау құрылымын Уағдаластықта басты фактор ретінде Комиссия тікелей таниды. Уағдаластықта қатысу деңгейі, әрі шешім қабылдау билігін қоса осындай қатысудың нақты шарттары нақты жазбаша келісімде сипатталады.